Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, органикалық заттар, табиғи қосылыстар және полимерлер химиясы мен технология кафедрасының ізденушісі Оңалбек Дамира Дүйсенбекқызының 8D05301 – Химия мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Қазақстандағы ара өнімдерін химиялық талдау және олардың биологиялық белсенділігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысқа ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Ара өнімдерін халық медицинасында бүгінгі уақытқа дейін түрлі ауруларды емдеуде және алдын алу мақсатында қолдану, адамдардың тұрмыс тіршілігінде айрықша орын алады. Қазақстан ара өнімдері алынатын мыңға жуық түрі кездесетін өсімдіктерге бай. Қазіргі уақытта осыған байланысты әлемнің барлық елдерінде қазақстандық өнімдерге қызығушылық бар.

Ара өнімдерінің әртүрлілігі сан алуан биологиялық белсенді қосылыстардың болуына себеп. Құрамында кеңінен таралған полифенолды, ароматты қосылыстар қабынуға, микробқа, тотығу үрдісіне қарсы, ферменттерді тежеу белсенділіктерін қамтитындығы белгілі.

Еліміздегі ара өнімдерінің химиялық құрамын ғылыми тұрғыда зерттеу, дәлелдеу, экономикалық тұрғыдан өндіруші ел ретінде танылуына көмектесу өзекті мәселе болып табылады.

Ізденуші Оңалбек Дамира алғаш еліміздің әр облысынан жиналған ара өнімдеріне жататын жыңғыл, күнбағыс, қарақұмық, ошаған монофлоралы балдарының және прополис, тозаңның химиялық құрамын Халықаралық стандарт негізінде сараптап, сапалық және сандық құрамын анықтаған. Зерттеуге алынған нысандардың химиялық құрамын сұйық-сұйық экстракция, ЖЭСХ, газ хромато-масс спектрометрия, бу фазалы қатты фазалық микроэкстракция әдістерін пайдаланған. Нәтижесінде алғаш рет еліміздің жыңғыл, ошаған, күнбағыс өсімдіктерінен жиналған балдың ароматты қосылыстарын анықтап, әр балға тән қосылысты статистикалық талдау жасап дәлелдеген.

Ара өнімдерінің химиялық құрамын анықтау үшін заманауи физика-химиялық спектрлік талдау әдістерін қолданған. Жиналған ара өнімдері тотығу үрдісіне қарсы, ферменттерді тежеу белсенділіктерін жақсы танытқан.

Оңалбек Дамира диссертациялық жұмысты орындау барысында ғылыми ізденіс пен ғылыми зерттеуге үлкен қызығушылық білдірді. Ғылыми қызығушылығының, ынта-жігерінің және еңбекқорлығының арқасында барлық міндеттерді ойдағыдай орындады. Мен оның магистрлік диссертациясының ғылыми жетекшісі болдым. Қазір мен оның докторлық диссертациясының ғылыми кеңесшісі ретінде пікір беріп отырмын.

Оңалбек Дамира осы ғылыми-зерттеу жұмыстарында үлкен жауапкершілікпен көп қызмет атқарды, кафедраның барлық жұмыстарына ат салысты. Ол жас ғалым ретінде жетістікке жетті деп сеніммен айта аламын. Оның зерттеу нәтижелерінің Web of Science және Scopus деректер базасына кіретін беделді ғылыми журналда Chinese Medicine (Q1, процетил 90%) жарияланғаны соның дәлелі. Сонымен қатар «Тағам химиясы» халықаралық конференциясында (Анталия, Түркия) тезис жарияланды.

Диссертациялық жұмысты талдай отырып, негізгі нәтижелер, қорытынды және тұжырымдар алғаш рет жасалды деп айтуға болады. Алынған нәтижелерді талдауды, түсіндіруді, сараптауды ізденуші өзі іске асырды. Жұмыстың ішкі бірлігін бағалауда, жұмыстың бағыттылығынан, негізгі мақсат пен міндеттерді негізге алып, ара өнімдерін ғылыми тұрғыда зерттеу, жұмыстарын көруге болады.

Оның диссертациялық жұмысы, барлық талаптарға сәйкес келеді.

Оңалбек Дамираның «Қазақстандағы ара өнімдерін химиялық талдау және олардың биологиялық белсенділігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «8D05301 – Химия» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми кеңесші:
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
органикалық заттар, табиғи
қосылыстар және полимерлер
химиясы мен технология
кафедрасының профессор м.а.,
химия ғылымдарының кандидаты Ескалиева Б.К.